

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы N 117 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2007 жылғы 12 маусымдағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4729 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 6 тамыздағы № 496 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011.08.06 № 496 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізілімдері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Зандарын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Шығындары респубикалық бюджеттен субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызды облысаралық қатынастар бойынша темір жолмен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды ашық тендер негізінде анықтау жөніндегі конкурсты өткізу ережесін бекіту туралы" Көлік және коммуникация министрінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 429 а-І бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3232 болып тіркелген, Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3936 тіркелген, "Заң газетінің" 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 230-231 (944-965) санында жарияланған, "Шығындары респубикалық бюджеттен субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызды облысаралық қатынастар бойынша темір жолмен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды ашық тендер негізінде анықтау жөніндегі конкурсты өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 429 а-І бұйрығына толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2005 жылғы 9 қарашадағы N 341-І бұйрығымен; Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4335 болып тіркелген, "Заң газетінің" 2006 жылғы 16 тамыздағы N 149 (1129) санында, "Ресми газетінің" 2006 жылғы 16 қыркүйектегі

N 38 (300) санында жарияланған, "Шығындары респубикалық бюджеттен субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызды облысаралық қатынастар бойынша темір жолмен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды ашық тендер негізінде анықтау жөніндегі конкурсты өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 429 а-І бүйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2006 жылғы 26 шілдедегі N 188 бүйрығымен енгізілген толықтырулармен бірге Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2005 ж., N 3-8, 22-күжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Шығындары респубикалық бюджеттен субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызды облысаралық қатынастар бойынша темір жолмен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды ашық тендер негізінде анықтау жөніндегі конкурсты өткізу ережесінде:

көрсетілген Ережеге 1-қосымшада:

"СТН" деген аббревиатура "БСН" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

көрсетілген Ережеге 2-қосымшада:

"СТН" деген аббревиатура "ЖСН" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

көрсетілген Ережеге 4-қосымшада:

"СТН" деген аббревиатура "БСН/ЖСН" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

көрсетілген Ережеге Әлеуметтік маңызды облысаралық қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау туралы шартқа қосымшада:

"СТН" деген аббревиатура "БСН/ЖСН" деген аббревиатурамен ауыстырылсын.

2. "Жұк тасымалдау ережесін бекіту туралы" Көлік және коммуникация министрінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 429-І бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3294 болып тіркелген, Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4000 болып тіркелген, "Заң газетінің" 2006 жылғы 17 наурыздағы N 47-48 (1027-1028) санында, "Ресми газетінің" 2006 жылғы 25 наурыздағы N 13 (275) санында жарияланған, "Жұк тасымалдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 429-І бүйрығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2005 жылғы 22 желтоқсандағы N 409-І бүйрығымен енгізілген толықтырумен бірге Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және

өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетеңінде жарияланған, 2005 жылғы қыркүйектегі, N 18, 156-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жүк тасымалдау ережесінде:
29-тармақтың бесінші абзацындағы "(СТН)" деген аббревиатура "(БСН/ЖСН)" деген аббревиатурамен ауыстырылсын;
353-тармақтағы "СТН" деген аббревиатура "ЖСН" деген аббревиатурамен ауыстырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Қатынас жолдары комитеті (М.Ж. Оразбеков) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК